

2022 жылғы I тоқсан бойынша

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

Банктік депозиттер халық үшін ең қолжетімді және ең сенімді жинақ түрі болып қала береді. Банк жүйесін сенімді қорландыру көзімен қамтамасыз ете отырып, соңғы бірнеше жылда жеке тұлғалардың депозиттік базасын арттырудың прогрессивті тенденциясы өзгерген жоқ.


Сонымен қатар, инфляцияға қарсы және геосаяси тәуекелдердің артуы ағымдағы жылдың басындағы деңгеймен салыстырғанда 2022 жылдың бірінші тоқсанында банктердің депозиттік базасының аздап қысқаруына себеп болды. Сондай-ақ, осы тәуекелдердің жүзеге асуы банк жүйесіндегі салымдардың шағын реаллокациясына әкелді.

Базалық мөлшерлеменің, ал одан кейін депозит нарығындағы мөлшерлемелердің көтерілуі жеделдетілген инфляциялық процестерге сәйкес депозиттердің табыстылығын сақтауға мүмкіндік берді. Ол сондай-ақ халықтық күтулерді тұрақтандыру және депозит нарығындағы ауқымды теңгерімсіздіктерді, оның ішінде әлеуетті елеулі жылыстауларға жол бермеу жағдайларын қамтамасыз етті.

Жеке тұлғалар депозиттері нарығының даму серпіні


Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне (бұдан әрі - ДКБЖ) қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттерінің көлемі оларды қорландырудың маңызды құрылымдық және салыстырмалы әртараптандырылған құрамдасы бола отырып, соңғы бірнеше жылда абсолюттік мәндерде де, банктік міндеттемелердің үлестік құрылымында да ұдайы өсуде. Қаралып отырған кезеңнің 12 айында (01.04.2021 ж. бастап 01.04.2022 ж. дейін) банк жүйесіндегі салымдардың тоқсан сайынғы динамикасы ағымдағы жылдың 1 тоқсанын қоспағанда, негізінен тұрақты өсу аймағында болды. Нәтижесінде, салымдар портфелі бір жылда 12,8% - ға, 11,6 трлн. теңгеден 13,1 трлн. теңгеге дейін өсті. Депозиттер көлемінің ұлғаюымен қатар, қаржы қызметтерінің инклюзивтік параметрлерінің жақсартылуын жанама сипаттай отырып, банк жүйесіндегі шоттар санының пропорционалды өсуі байқалды (1-сурет).

1-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің динамикасы



Алайда, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанындағы геосаяси оқиғалар және жаһандық нарықтардағы, одан кейін ішкі нарықтағы өзгерістер салымдардың өсу динамикасын түзеді. Депозиттік базадағы өзгерістер дәстүрлі түрде жүйедегі қаражат өсімі мен жылыстауының көлемін де, сондай-ақ шетел валютасындағы салымдарды бағамдық қайта бағалауға байланысты валюталық құраушыны да қоса алғанда, факторлар жиынтығының ықпалына ұшырайды. Еншілес ресейлік банктерге әсер еткен санкциялық шектеулерге реакция инфляциялық күтулердің өсуі жағдайында тұтынушылық белсенділіктің өзгеруімен, сондай-ақ халық пен кәсіпкерлердің қолма-қол ақшаны пайдалануының артуы депозиттер жылыстауының өсімнен асып кетуіне әкелді. Нәтижесінде, валюталық оң қайта бағалауға қарамастан (+285,4 млрд. теңге), 2022 жылдың бірінші тоқсанында жеке тұлғалар депозиттер бойынша қалдықтар ағымдағы жылдың басындағы деңгеймен салыстырғанда 314,6 млрд.теңгеге (-2,3%) төмендеді (2-сурет). Бұл ретте теңгедегі портфель 381,6 млрд теңгеге, шетел валютасындағы депозиттер 218,4 млрд теңгеге қысқарды.

2-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемінің өзгеру компоненттері



Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру

- Бұқаралық сегмент – 15 млн теңгеге дейін қалдық ақшасы бар депозиттер.
- Орташа сегмент – 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін қалдық ақшасы бар депозиттер.
- Ірі сегмент – 50 млн теңгеден асатын қалдық ақшасы бар депозиттер.


Соңғы 2 жыл ішінде мөлшерлілік (сегменттер) бойынша депозиттердің құрылымы іс жүзінде өзгеріссіз қалып отыр, бұл ретте бұқаралық сегмент басым болды (депозиттік портфельдің 50%-дан астам үлес салмағы және ашық шоттардың жалпы санынан 99,92%). Бұл ретте теңгедегі депозиттердің 2/3-тен астамын бұқаралық сегмент құрайды, ал олардың бір жыл ішінде ұлттық валютадағы депозиттердегі үлесі 70,8%-дан 73,4%-ға дейін өсті. Өз кезегінде шетел валютасындағы депозиттік портфель негізінен ірі депозиттерден құралады, олардың үлесі бір жылда 67,6%-дан 72,5%-ға дейін өсті (3-сурет).

Тарихи тұрғыдан алғанда, депозиттік қалдықтардың неғұрлым тұрақты өсуі бұқаралық сегментке тән. Дегенмен, бір жылдағы ең жоғары өсу қарқыны бұқаралық сегментте (14,6%-ға) байқалды. Алайда шетел валютасындағы бұқаралық сегмент бір жылда 6,2%-ға төмендеді, ал тоқсандық құлдырау 9,1%-ды құрады. Бұл ретте депозиттік портфельдің ең құбылмалы бөлігі ірі сегмент болып табылады, ондағы өзгерістер әртүрлі бағытталған үрдіске ие болды: жылдық оң өсім (11,0%) кезінде осындай салымдар бойынша теңгедегі қалдықтар бірінші тоқсанда 22,4% - ға қысқарды, ал осы сегменттегі валюталық салымдардың көлемі шамалы өсті (0,3% - ға). Бірінші тоқсанда валюталық портфельдің ең көп төмендеуі орта сегментте байқалады – 16,0%-ға (4-сурет).


Мерзімділік өлшемшарттары бойынша салымдарды орналастыру құрылымы

2018 жылы мерзімді салымдар нарығын реформалау бойынша реттеуші бастамалар енгізілген сәттен бастап, тұрақты қорландыру көлемі біртіндеп салымдар портфельінің маңызды бөлігіне айналуға жол ашты. Жинақ депозиттері және мерзімділік талаптарына сәйкес келетін депозиттер (мерзімді депозиттер) түрінде ұсынылған тұрақты қорландыру¹ үлесі 2022 жылғы бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша 11,1% - ды құра отырып, салымдардың жалпы көлемінің 10% - дан жоғары белгіде бекітілді. Тұрақты қорландырудың артуына банктер ұсынатын депозиттік өнімдер желісінің ішінде ең жоғары кірістілігі бар және көлемі 1,1 трлн.-ға жеткен жинақ депозиттерінің өсуі негізгі үлес қосуда. Дегенмен, халық үшін инвестицияның ең тартымды нысаны банктердің депозиттерінің жалпы портфельінің 59,2%-ын құрайтын


3-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттерінің құрылымы



4-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттеріндегі өзгерістер



5-сурет. Депозиттер құрылымы, трлн. теңге



¹ Тұрақты қорландыру сыйақыны мемлекет субсидиялайтын депозиттерді шегергендегі депозиттердің жиынтығына мерзімді және жинақ депозиттерін қамтиды.

мерзімсіз депозиттер болып қала береді (5-сурет).

Теңгелік депозиттік портфель құрылымында тұрақты қорландыру үлесі жалпы портфель бойынша деңгейден жоғары және 16,5%-ды құрайды. Депозиттердің жалпы құрылымындағы сияқты тұрақты қорландырудың негізгі көлемін теңгедегі жинақ депозиттері құрайды. 2022 жылдың бірінші тоқсанында салымдардың тұрақты бөлігі үлесінің ұлғаюы негізінен екі фактордан – жинақ депозиттері көлемінің шамалы өсуінен (2,9% - ға) және мерзімсіз депозиттер бойынша қалдықтардың 10,1% - ға төмендеуінен туындады (6-сурет).


Салымдардың долларлануы

Өткен онжылдықта байқалған әлемдік капитал нарықтарындағы табыстылықтың салыстырмалы түрде төмен қарқыны ішкі депозит нарығындағы жеке тұлғалардың депозиттерін долларсыздандыруға ықпал етті. Мұндай жағдайларда ішкі нарықтағы сыйақы мөлшерлемелерін реттеу халық пен банктер үшін "қолайлы" операциялық деңгейге шығуға мүмкіндік берді. Соңғы екі жылда шетел валютасындағы депозиттердің қалдықтары 10-11 миллиард АҚШ доллары аралығында тұрақтанды. Бірінші тоқсанда валюталық депозиттердің төмендеуі геосаяси тәуекелдердің жүзеге асу факторы әсерінен болды. Нәтижесінде халықтың валюталық шоттары бойынша қалдықтары 476,7 млн. АҚШ долларына азайды (7-сурет).


Шетелдік валютадағы депозиттердің салыстырмалы тартымдылығын төмендетуге бағытталған мөлшерлемелерді дифференциалды реттеу жеке тұлғалардың депозиттерінің долларлануының төмендеу тенденциясына жағдай жасады. Соңғы 12 айда шетел валютасындағы депозиттердің үлесі депозиттік портфельдің 35-36% деңгейінде болды, бұл қорландырудың құрылымы мен беріктігіне оң әсер етеді. 2022 жылғы бірінші тоқсанда валюталық қайта бағалау салдарынан долларлану деңгейі шамалы өсті (36% - ға дейін), дегенмен нақты валюта² қалдықтарының үлесі 34,2% - ға дейін төмендеді (сурет. 8).

Дәстүр бойынша, шетел валютасындағы салымдардың ең жоғары деңгейі депозиттердің ірі сегментінде байқалады. Бұл ретте бір жыл ішінде олар бойынша салымдар қалдықтарының долларлануы 67,6% - дан 72,5% - ға дейін ұлғайды. Бұл сегмент шетел валюталары бағамдарының өзгеру динамикасына неғұрлым сезімтал болып табылады, бұл салымдардың өсімі мен жылыстау көлемінің салыстырмалы түрде жоғары құбылмалылығын негіздейді. Долларланудың ең төменгі деңгейі бұқаралық сегментте сақталады, ал олардың жылдық салыстырудағы үлесі осы сегменттегі депозиттік портфельдің 18%-дан 15,9%-ға дейін төмендеді (9-сурет).


6-сурет. Теңгелік депозиттер құрылымы, трлн. теңге




7-сурет. Валюталық депозиттердің өзгеру динамикасы



8-сурет. Салымдардың долларлануы




9-сурет. Сегменттердегі долларлану



² Есепті күн 2021 жылдың 1-тоқсанының соңындағы АҚШ долларының бағамы бойынша шетел валютасындағы депозиттерді қайта бағалау арқылы айқындалады.

Мерзімділік тұрғысынан алғанда ең төменгі долларлану жинақ депозиттеріне тән, ал теңгедегі сыйақы мөлшерлемесінің артуы шетел валютасындағы депозиттер үлесінің одан әрі төмендеуіне ықпал етті – жылдық 10,7%-дан 5,3%-ға дейін. 2022 жылдың бірінші тоқсанында мерзімді салымдар секторындағы депозит қалдықтарының жалпы төмендеуі шетел валютасындағы депозиттердің 3 еседен астам азаюына байланысты болды. Нәтижесінде депозиттердің осы санаты бойынша долларлану 66,3%-ға дейін төмендеді. Мерзімсіз салымдардың валюталық бөлігі іс жүзінде өзгерген жоқ, ал оның үлесінің 46,1% - дан 50,7% - ға дейін ұлғаюы 2022 жылғы бірінші тоқсанда мерзімсіз салымдар портфелінің теңгелік бөлігінің қысқаруына, сондай-ақ валюталық қайта бағалауға байланысты болды. Ағымдағы және карточкалық шоттардың сегментіндегі қалдықтар негізінен ұлттық валютада (10-сурет).


10-сурет. Депозит түрлері бойынша долларлану



Сыйақы мөлшерлемесі


Депозиттің түрі мен мерзіміне байланысты депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелердің мөлшері ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің немесе нарықтық мөлшерлемесінің (банктер жаңадан тартқан депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесінің) негізінде айқындалады. Мерзімсіз депозиттер бойынша, сондай-ақ 3 және 6 айға арналған мерзімді және жинақ депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер базалық мөлшерлеме мен спред сомасы ретінде, 12 ай және одан астам мерзімге жинақ және мерзімді депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер нарықтық мөлшерлеме мен спред сомасы ретінде айқындалады (Сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы 11-13-суретте көрсетілген).

11-сурет. Мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы




Ағымдағы жылдың басында, қаңтар оқиғаларының аясында, депозиттік нарықтың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ҚДКҚ 2022 жылғы қаңтарға жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы жинақ депозиттері бойынша ең жоғары мөлшерлемені көтерді.

12-сурет. Мерзімді салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында Ұлттық Банк проинфляциялық және геосаяси тәуекелдердің артуына реакция ретінде базалық мөлшерлемені екі рет көтерді (Қаңтарда – 9,75% - дан 10,25% - ға дейін, ал ақпан айының соңында – 13,5% - ға дейін). Базалық мөлшерлемені көтеру ел экономикасына сыртқы шок салдарының таралуын болдырмауға, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және теңгелік активтерді қорғауға бағытталған.

13-сурет. Жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



Базалық мөлшерлеменің көтерілуінен кейін депозит нарығындағы ағымдағы жағдайды талдауды ескере отырып, Қор сондай-ақ мөлшерлемелерді жоғарылату жағына қарай бірнеше рет қайта қарады. Салымдардың түрлері бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемелерінің диапазоны мерзімсіз депозиттер бойынша 13,0%-дан 12 айлық жинақ депозиттері бойынша 14,9% - ға дейін қалыптасты.

Депозиттік нарықта банктер өнімдердің барлық түрлері бойынша, әсіресе қысқа мерзімді уақыт горизонтында мөлшерлемелерді көтеру арқылы әрекет етті, бұл нарықтық мөлшерлемелердің өсуіне әсер етті. Бұл ретте 24 айлық мерзімді депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелер елеулі түрде төмендеді, бұл олардың халық үшін тартымсыздығына байланысты дәстүрлі жоғары спрэдтердің (нарық пен ұсынылатын ең жоғары мөлшерлеме арасындағы айырмашылық) одан да көп өсуіне әкелді.

Инфляциялық процестердің жеделдеуін ескере отырып (2022 жылғы наурыздың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 12,0% - ды құрады), мөлшерлемелердің жоғарылауы көптеген депозиттік өнімдер бойынша нақты пайыздық мөлшерлемелердің оң мәндерін сақтауға мүмкіндік берді.